

Шетел азаматтары үшін магистратураға түсу қағидалары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» сәйкес

Магистратураға шетелдіктерді қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу құқығы магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламаларды есепке алмағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

Шетел азаматтарын ақылы негізде қабылдау университеттің қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесудің нәтижесі бойынша күнтізбелік жыл бойы жүзеге асырылады. Бұл ретте, шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбесіне сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына 5 (бес) күнге дейін жүргізіледі.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

Шет тіліндегі құжаттар мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасымен бірге беріледі.

Магистратураға түсушілер «Сәрсен Аманжолов атындағы ШҚУ» КЕ АҚ қабылдау комиссиясына мынадай құжаттарды тапсырады:

1. Бакалавриат білімі туралы құжаттың және оған қосымшаның түпнұсқасы;
2. Бакалавриат білімі туралы құжаттың және оған қосымшаның мемлекеттік немесе орыс тіліне аударылған және Қазақстан Республикасының аумағында нотариалды куәландырылған көшірмелері;
3. Жеке басын куәландыратын құжат, мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі (Қазақстан Республикасының аумағында нотариус куәландырған аударма);
4. Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау туралы куәлік;
5. ҚР аумағында өткен №075-у медициналық анықтама (міндетті түрде флюорографиялық сурет қоса беріледі);
6. 3x4 см фотосурет - 2 дана.

Шетел азаматтары үшін докторантураға түсу қағидалары

Шетелдіктерді докторантураға қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Доктор дәрежесін алғысы келетін шетелдіктер университеттің қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесуден өтеді, содан кейін комиссия білім алушылар контингентіне қабылдау туралы шешім қабылдайды. Оқу ақысын мына сілтемеден таба аласыз <https://surl.li/xsiipc>

Докторантураға түсушілер «Сәрсен Аманжолов атындағы ШҚУ» КЕАҚ қабылдау комиссиясына мынадай құжаттарды тапсырады:

1. Магистратура бағдарламасын аяқтағаны туралы қосымшасы бар диплом (түпнұсқа) және ҚР аумағында нотариалды куәландырылған аударма;
2. Жеке басын куәландыратын құжат, мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аудармасы бар құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі (Қазақстан Республикасының аумағында нотариус куәландырған аударма ұсынылады);
4. Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау туралы куәлік;
5. ҚР аумағында өткен №075-у медициналық анықтама (міндетті түрде флюорографиялық сурет қоса беріледі);
6. 3х4 см фотосурет - 2 дана.
7. Шет тілін меңгергенін растайтын сертификат:
 - **ағылшын тілі:**
 - IELTS Academic (international English Language Testing System Academic) шекті балл-кемінде 5.0;
 - TOEFL IBT (test of English as a Foreign Language Internet-based test), шекті балл-кемінде 35;
 - TOEFL ITP (test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm), шекті балл-кемінде 417;
 - TOEIC (test of English for International Communication (test of English for International communication)), шекті балл-кемінде 550;
 - Duolingo English Test (Дуолинго Ингиш тесті), шекті балл-кемінде 80;
 - **неміс тілі:** Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang (DSH, Niveau B1 / B1 деңгейінен төмен емес), TestDaF-Prüfung (Niveau B1 / B1 деңгейінен төмен емес);
 - **француз тілі:** TFI (Test de Français international™) - оқу және тыңдау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес), DELF (diplôme d'Études en Langue française) – B1 деңгейінен төмен емес, DALF (diplôme Approfondi de langue française) – B1 деңгейінен төмен емес, TCF (Test de connaissance du Français)- B1 деңгейінен төмен емес.

Магистратураға, докторантураға құжаттарды жазғы қабылдау - 15 шілдеден 25 тамызға дейін. Әңгімелесу 10-20 тамыз аралығында, қабылдау 28 тамызға дейін жүргізіледі

Магистратураға құжаттарды қысқы қабылдау - 10 желтоқсаннан 5 қаңтарға дейін. Әңгімелесу 25 желтоқсаннан 5 қаңтарға дейін, қабылдау - 10 қаңтарға дейін жүргізіледі.